

«Қазақстанда моноқалалардың даму келешегі» кейсі

Қазақстандағы моноқалалардың көпшілігі пайдалы қазбалардың ірі кен орындарының ашылуына байланысты үлкен кен өндіру комбинаттарының жанынан салынған. Бүгінгі таңда елімізде 27 моноқала мен 41 шағын қала бар. Моноқалалар халқының саны қала құраушы кәсіпорындарға байланысты. Моноқалаларды дамыту және олардың өңір экономикасына ықпалын бағалау проблемасы бар.

Мәселен, Қостанай облысындағы Рудный қ. толығымен «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік кәсіпорны» АҚ (бұдан әрі – ССТКБӨК) қызметіне тәуелді. Өңірдегі өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемінің 29%-ы темір рудасын өндіруге тиесілі және болашақта оның төмендеуі болжануда. Қостанай облысында 25,5 мың адам тау-кен байыту саласында жұмыс істейді (өнеркәсіп саласында қызмет ететіндердің жалпы санының 40%-ы). Жұмыспен қамтылғандардың 67%-ы (488 мың адам) «ССТКБӨК» АҚ-да жұмыс істейді.

Рудный қ. мен Қостанай облысы экономикасының «ССТКБӨК» АҚ-ға жоғары деңгейдегі тәуелділігі байқалуда.

Қостанай облысының халқы 868 524 адамды құрайды (Қазақстан халқының 4,7%-ы). Урбандалу деңгейі – 55%. 2020 жылы өнеркәсіптік өндіріс өсімі 6,9%-ды құрады, соның ішінде өңдеуші өнеркәсіп 19,3%-ды, ауыл шаруашылығы 21,3%-ды, инвестициялар мен негізгі капитал 11,0%-ды; құрылыс жұмыстары 23,0%-ды; тұрғын үйді енгізу 9,5%-ды құрады. Инфляция көлемі – 5,4%. Қостанай облысының шекараға жақын орналасуына байланысты оған жұмыс күшінің Ресейге бақыланбайтын миграциялық жылыстауы тәуекелінің жоғары болуы тән.

Жалпы алғанда, темір шикізаты нарығының ағымдағы конъюнктурасын ескерсе, кен өндірісі қысқаруының қаупі жоғары, бұл босап қалған жұмыс күші үлесінің артуына ықпал етуі мүмкін. Сәйкесінше, жұмыссыздық облыс халқының кіріс деңгейінің төмендеуіне және салықтық базаның азаюына алып келеді, ЖІӨ-нің 30%-ын құрап отырған Қостанай облысы Қазақстанның «өнеркәсіптік белдеуіне» (Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары) жататындықтан, ол жалпы алғанда ел экономикасына теріс ықпал етеді.

Тапсырма 1. Сіздің пікіріңізше табиғи ресурстар толық шығындалған және қала құраушы кәсіпорындар жабылған жағдайда моноқалалардың дамуы қалай ынталандырылуы тиіс?

2. Моноқалалар дамуының тұрақтылығын арттыру үшін мемлекеттік реттеудің қандай шараларын қолдануға болады?

Жауаптарыңызды негіздеңіз. Мұнда сіз жоғарыда ұсынылған ақпаратқа, өз біліміңіз бен практикалық тәжірибеңізге сүйене аласыз.